

**Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша
“Арын еріктілер” мектепшілік клубының 2022-2023 оқу жылына
арналған жылдық есебі**

Адал үрпақ тәрбиелу – қай уақытта болса да ез маңыздылығын жоғалтпаған мәселе. Халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген тәрбиелі үрпақ тәрбиелу- барлығымыздың борышымыз. Болашақ үрпағымызға тек тәрбие мен білім берумен шектеліп қана қоймай, адал еңбеккорлыққа да үйретуіміз керек. Адал еңбеккорлық - еліне адал қызмет ету және сыйбайластық іс – әрекеттерден аулақ болудан құрады. Өскелен үрпақ сыйбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін мәжітін қабырғасынан бастап тәрбиені осы бағытта беру маңызды. Президентіміз К.К.Тоқаев: "Қоғамда жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қалыптасуы шарт. Балаларды ерте жастан жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздеріне баулуды қол алған жән"- деп атап өтті. Сонымен қатар, жемқорлықтың тамырына балта шаппаса, ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің болашағына нұқсан келтіретінін айтып, бұл дертпен бір жеңиң қол, бір жағадан бас шығарып құресуге шакырды.

Мектебімізде «Арын еріктілер» мектеп клубының құрылу мақсаты-шәкірттерімізге рухани адамгершілік және азаматтық — патриоттық тәрбие беру. Олардың бойында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыйбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және ныгайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынталының қалыптастыру болса, міндетті-мектепте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қозқарасты ныгайту бойынша бастамаларды көтермелу, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттагы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

2022-2023 оқу жылдың басында «Адал үрпақ» еріктілер клубының жұмысы бойынша жылдық жоспар жасақталды. Бүйрық бойынша жауапты тұлғалар бекітілді. Жоспарға сай клуб мүшелері тағайындалды. Клуб мүшелері жоспарға сай бекітілген жұмыстарын уақытында орындал отыр.

Қыркүйек айында мектептің кіреберіс мәдлізіне орналасқан «Парасатты азамат» бұрышы жасақталды. Бұрыштың мақсаты: жас үрпақты Отансүйгіштікке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметпен қарауға, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, еңбекүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға, адалдыққа тәрбиелу.

“Арын еріктілер” клуб мүшелері арасында «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Шараның мақсаты: тақырып бойынша оқушының ойын, пікірін айтқызуға мүмкіндіктер жасау, қоғамдық тәртіп туралы, жемқорлық туралы оқушылардың ойларын біліп, оны ортаға салып талқылау.

Қазан айында «Қартарам аман-сая жүрсін» акциясы аясында қоғамдық тәртіп негіздерінің мүшесінен қартарап құттықтап қайтты.. Кейбір қартарап үйіндегі үлкендермен сұхбат құрып, көnlін ауласа, басқалары қартараптың үйіне азық-түлік алып барды, үй шаруасына көмектесті.

Қараша айында «Сыйбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты эссе байқауы өткізілді.

Желтоқсан айында өткізілген ҚР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің БКО бойынша департаменті ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын басшылыққа ала отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және ныгайту, сондай-ақ замануи талаптарда парасатты тұлғаны дамыту мақсатында «Адал еңбектің жарқын бейнесі» атты сурет байқауы өткізілді.

Қантар айында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында оқушылар арасында өткізілген калалық «Адалдық адамдық белгісі» атты зияткерлік ойын өткізілді.

Ақпан айында жұмыс жоспарына сәйкес қар тазалаушы ағайларға ыстық шай таратып, мектеп жаныдағы қарды тазалауға көмектесті.

Наурыз айында «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» атты шығармалар байқауы өткізілді. Байқауға 6-9 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар адаптациялық енбек етуге тақырыбынан жаңа жоспарын жасаудың мүмкіндігін анықтаудың міндеттілігін көрсетті.

Сәуір айында «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында қалалық кітапхана филиалымен бірлескен кездесу өткізілді. Шара барасында кітапхана қызметшісі мектеп оқушылары үшін кітап көрмесін дайындаған, аталмыш тақырыптағы кітаптар топтамасымен тансытыры, оқушыларды адаптациялық енбек етуге, жемқорлықтан аулақ болуға шакырды.

Егер жастайынан баланың санасына тазалық, жауапкершілік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік қағидаттарын сіңіретін болсақ, есейген кезде оның бойында сыйбайлар жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасып, саналы өмір сүруге мүмкіндігі жеткілікті болады. Шәкірттерімізді мектеп қабыргасынан осындай ізгі қасиеттерге баулитын болсақ, жемқорлық көріністеріне мұлдем төзбеушіліктің қағидаты қалыптасатын болады, демек, "Арын еріктілер" клубы да өз жұмысының нәтижесін беретіні анық.

Осы клуб жұмысы арқылы балаларды адамгершілігі мол, намысты азамат болуга, мемлекеттік мүлікті бұлдірмеуге, намысты азамат болуга, кісі ақысын жемеуге, ешкімнің ала жібін аттамауга тәрбиелейміз. Мемлекетіміздің болашағы саналатын мектебіміздің осындай белсенді окушыларынан үлкен үміт күтеміз. Өз заңын құрметтеп-қастерлейтін, еліне шын берілген адал ұрпақ-Мәнгілік Елдің кепілі.

"Арын еріктілер" клубының жетекшісі  М.Байбатыров

«Карттарым аман-сау жүрсін» қарттар үйіне бару



10"Б" сыныбы. Сынып жетекшісі: Ергазина Ж.



9"A" сыныбы. Сынып жетекшісі: Жалғасова Л.



«Арын еріктілері»

82 жастағы жалғыз басты Тамара әжейді карттар күнімен құттықтап қайтты. Қарттың көңіл-күйін сұрап, қол көмегіміз ұнап, ақ тілегін білдірді.